

**6D011000- «Физика» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Абдраимов Рахымжан
Турисбековичтың «Жоғары сынып оқушыларына физика курсындағы
электр және магнетизмді бейінді оқытудың әдістемесі» тақырыбындағы
диссертациясына ғылыми кеңесшісі PhD Б.С.Уалиханованың
ПІКІРІ**

Заманауи мектеп оқушыларын дайындаудың жаңа міндеттері - деңгейлік және бейіндік саралауды іске асыру, интеграцияланған және элективті курстарды оқыту, білім берудің жаңа цифрлық технологияларын пайдалану саласында кәсіби құзыреттерді қалыптастыру болып табылады.

Мектептегі кәсіби деңгейде білім беру жүйесін дамытудың басым міндеті әр түрлі деңгейдегі мамандарға қойылатын заманауи біліктілік талаптарын ескере отырып, жаңа кәсіби бағдарланған элективті курстарды әзірлеу болып табылады. Аталған жұмыста элективті курстың мақсатын анықтау кезінде негізгі назар оқытудың әмбебаптылығын, фундаменталдығын, бейіналды, бейінді және практикалық бағытын қамтамасыз етуге аударылады.

Диссертациялық зерттеу кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Диссертацияның бірінші бөлімінде Жаратылыстану математика бағытындағы бейіндік сыныптарда физиканы кәсіби бағытта оқытудың ерекшеліктері, қазіргі жағдайы қарастырылған.

Осы тұрғыдан алғанда ізденуші Рахымжан Турисбековичтың Жаратылыстану-математика бағытындағы жоғары сынып оқушыларына оқытылатын физика курсының «Электр және магнетизм» бөлімін бейінді оқытудың қажеттілігі анықтаған. Онда «Электр және магнетизм» бөлімі бойынша оқушыларды даярлау мақсаттарын және олардың кәсіби қызығушылықтарын, «Электр және магнетизм» бөлімі мен элективті курстың мазмұнын ескереді және пәнаралық байланыстар мен кәсіби бағыт принциптері айқындаған.

Жаратылыстану-математика бағытындағы жоғары сынып оқушыларына «Электр және магнетизм» бөлімін оқыту технологияларының негізі оқушылардың психологиялық ерекшеліктері, олардың ақпаратты қабылдау мен өңдеудің танымдық дамуына тоқтала отырып, әдістеме жасау болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны, бөлімдер бойынша жасалған тұжырымдар зерттеушінің өзі атқарған ғылыми зерттеу жұмыстарының негізінде жасалған.

Диссертациялық жұмысты еліміздің педагогика ғылымы үшін маңызы бар еңбек деп айтуға болады, өйткені бұл еңбекте педагогика ғылымының бүгінгі күндегі көкейкесті мәселесі шешімін тапқан. Әрі физиканың басқа да тарауларына, жаратылыстану ғылымының барлық саласын оқыту кезінде қолдануға болады.

Р.Т.Абдраимовтын зерттеулерінде алынған ғылыми-педагогикалық нәтижелері Жаратылыстану-математика бағытындағы жоғары сынып оқушыларына «Электр және магнетизм» бөлімін бейінді оқытудың әдістемелік жүйесінің моделі жасалған. Жүйе мақсатты, мазмұнды және процедуралық компоненттерді біріктірді. Модель әдістемелік жүйе түрінде жүзеге асырылды. Диссертацияның негізгі мазмұны әртүрлі халықаралық конференцияларда баяндалған.

Абдраимов Рахымжан Турисбековичтың «6D011000-Физика» мамандығы бойынша диссертациялық жұмысы барлық негізгі талаптарға сәйкес келеді және «6D011000 - Физика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толық лайықты деп есептеймін.

ОҚМ ПУ, Физика кафедрасының
аға оқытушысы, PhD



Уәлиханова Б.С.